



A

ИКҚЫН

Талапшыл тұлға еді



Көзімізге жас үйіріп, көңілімізді құлазытқан күннен кейін де қырық күн өтіп кетіпті-ау! Иә, қоғам қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, «Парасат» орденінің иегері, Атырау облысының Құрметті азаматы, Қазақстан ғылымдар академиясының академигі Хисмет Табылдиевтің, бәріміздің аса құрметті Хисекеннің бақиға

аттанып, оның екінші өмірі басталғаны ақиқат...

Біз әуелі Бесінші санды бастауыш мектепте оқыдық. Ол мектепті бітірген соң, бізді қала ортасындағы Жамбыл атындағы орта мектепке көшірді. Жоғары сыныпқа барғанымызда Хисмет Орджоникидзе атындағы мектепке ауысып кетті.

Жастайынан спортты жақсы көретін Хисмет мектепте жүгіру спортына қатысып, футбол командасының құрамында ойнады. Қала бойынша өтетін жарыстардың бәріне Хисмет араласып жүрді. Ол жарыстарға қатысып қана қоймады, спорттық сайыстар хақында мақалалар жазуға әуестенді.

Сол кездегі облыстық «Социалистік құрылыс» атты газетке спорт тақырыбындағы мақалалардың барлығын Хисмет жазатын. Әйтеуір, сол кезде облыстық газеттің бетін ашып қалсақ, Х.Табылдиевтің мақаласы жүреді. Хисмет мектепті бітіргеннен кейін жоғары оқу орнына, ҚазПИ-ге оқуға түскенде, мақалаларының бәрін шабаданына салып барған екен. Мақала қиындыларының көптігі сондай, тіпті шабаданға сыймай қалыпты. Оның тарих-филология факультетіне оқуға түсуге осы мақалаларының көмегі тигенін кейіннен естелік етіп айтып отыратын. Хисекеннің жазғыштығы жөнінде молырақ білетін сол кездегі Орджоникидзе атындағы мектептің директоры болған Ғинаят Әбдірахманұлы былай еске алады: «Хисмет балалардың ішіндегі ұзын бойлысы болды. Оның басқа балаларға ұқсамайтын бір өнері – мектептегі, қаладағы болып жатқан мәдени шараларды, спорт хабарларын облыстық «Социалистік құрылыс», Республикалық «Қазақстан пионері», «Лениншіл жас», «Спорт» газеттеріне үзбей жазатындығы болды. Осы талпыныстарының нәтижесінде, Хисметтің журналистік қабілетін көріп, оқуға түсуіне оң баға беруші едік».

Отызыншы жылдардың соңында туғандардың балалық шағы соғыс өртіне тап келді. Олардың көзін ашқанда көргені – аналардың көз жасы,

өкелердің қатулы қабағы, айнала қамаған жетімдік болатын. Сондықтан да олар нанын өзі тауып жеуді, өмірдің ауыртпалығын ауырсынбау үшін өз ақылы мен қайратына сенуді бесіктен белі шықпай жатып үйренді. Жергілікті жұрт Хисмет туған жер – Махамбет ауданының 18-ауылының тұрғындары Қосымбай, Досымбай деген ағайынды азаматтарды жақсы біледі. Олардың бірі – балық ауласа, екіншісі – аулаған балықты сататын. Хисмет балық аулауды үлкендерден өте жақсы үйреніп, су маржанын бұғаулықтаудың қыр-сырын өте жақсы білді. Мектептегі қаламы жүйрік шәкірт балықшылар өміріне өте қанық еді. Олардың балық аулаудағы шеберлік мектебінен үйренді. Сондықтан ол Досымбай көкесінің балық бригадасы ұстаған 800 келі тартатын бекіре туралы тамаша мақала жазып, облыс, қала жұртшылшығын бір дүрліктірді. Халықты таң-тамаша қалдырған жазғыш оқушы ел мақтауына ие болды. Ел облыстық газетте жарияланған «Звеньевой табысы» деген атақты мақаланың авторы Хисметті де, Досымбайды да, 800 келі салмақтағы бекірені де әңгіме етумен жүрді.

Институт қабырғасында Хисмет қаламгерлік кәсібінен қол үзбей, профессорлар Қажым Жұмалиев, Серік Қирабаевтардың ақыл-кеңесімен институттың «Педагог» атты көп тиражды газетінің шығарушысы болады. Институтты тәмамдағаннан кейін, Хисмет Бозанұлы ұстаздық өмір жолын өзін өмірге қанаттандырып ұшырған қаладағы Орджоникидзе атындағы орта мектептен бастайды. Жас ұстаз оқушыларға қазақ әдебиеті, тарих және дене шынықтыру пәнінен сабақ берді. Кейінірек, 1963 жылы Гурьев педагогикалық институтына оқытушылыққа ауысады.

Ол институтта оқытушы, аға оқытушы бола жүріп, ғылымға бет бұрды. Сөйтіп, аспирантураға түседі. 1973 жылы атақты тарихшы әрі заңгер академик Салық Зимановтың жетекшілігімен «Социалистік Гурьевтің тарихы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап шығады. Міне, содан 54 жыл бойы осы оқу орнында аянбай еңбек етті. Бұрынғы педагогика институты, қазіргі университетте тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесімен бірге, доцент, профессор ғылыми атақтарын алып, бұл жоғары оқу орнында сырттай оқу бөлімі деканының орынбасары, сырттай оқу бөлімінің деканы және проректоры болып қызмет атқарды. Хисмет Бозанұлы институттың сырттай оқу бөлімі проректорлығын 18 жыл бойына атқарды. Хисметпен қызметтес болған кезімде, оның жұмыс стиліне қанықтым. Ол өте талапшыл болды. Студенттердің алдына қандай талап қойса, оқытушылардың ұжымын үлкен ұйымшылдыққа шақырды. Басшының басқару стилі күндізгі бөлім факультеттеріне де үлгі болды. Сабақ үлгерімі жөнінен сырттай оқу бөлімі үздік көрсеткіштермен үнемі алда жүретін. Ғылыми еңбегінің жетістіктерімен қатар, педагогикалық жұмыстарындағы

шеберліктері ескеріліп, 1990 жылы Атырау педагогикалық институтының ректоры болып тағайындалды. Ректор болып тағайындалғаннан кейін, Хисмет Бозанұлы бұрынғы институтқа университет статусын алып беруге күш салды. Оған ғұлама ғалым Халел Досмұхамедовтың атын беруге де үлкен еңбек сіңіргенін университеттің барша ұжымы біледі. Хисекең ректорлық жұмысты атқарған кезінде, өте қысқа мерзімде факультет пен кафедралар жүйелі түрде бір орталықтан басқарылып, жұдырықтай жұмылған ұжымға айналды. Университет жанынан аспирантура ашылды. Ұстаздар мен студенттер еңбегі университеттің өз баспаханасынан басылып, жарыққа шығатын болды. Университет Хисекең басшылық еткен кезде 34 сала бойынша маман даярлады. 12 жаңа мамандықта оқытатын факультет жұмыс істеді. 1991-1992 оқу жылында Атырау университетінде бірде-бір ғылым докторы болмап еді. Тек 40 шақты доцент пен ғылым кандидаттары болса, 1997-1998 оқу жылында 6 ғылым докторы, 30 профессор, 130-дан аса ғылым кандидаты мен доценті еңбек етті. Мұның бәрі Хисекең ректор болып тұрғанда жүзеге асты. Атырау Университеті студенттерінің саны жағынан Батыс Қазақстандағы алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі болды. Сол кезде 800 мың студентке 43 кафедраның ғалымдары дәріс оқыды. Студенттердің оқу, ғылыми жұмыс, спорт, мәдени-көпшілік жұмыстарында айтарлықтай оң өзгерістер болды. Осының бәрі Хисмет Бозанұлының күн демей, түн демей, жұмыс десе, жанын салатын жанқиярлық еңбегінің, ерінбей ағыл-тегіл төккен терінің жемісі еді. Осы білім мен ғылым ордасында Хисмет Бозанұлы басшылық еткен кезден бері 6 оқытушы докторлық диссертация қорғаса, 18 оқытушы профессор болды, 40 оқытушы ғылым кандидаты атағын қорғады. Осы жылдары диссертация қорғау мен ғылыми атаққа ие болғандар саны көбейе берді. Университетке басшылық ете жүріп, өзі де 1997 жылы 6 қарашада Қазақстанда сауатсыздықтың жойылуы, мәдениеттің өркендеуіне арналған тақырыпта қазіргі Қазақстан тарихшыларының атасы болған академик М.Қозыбаевтың жетекшілігімен ғылым докторы атағын абыроймен сәтті қорғады.

Хисмет Бозанұлын әріптестері өз өлкесінің шежіресін жақсы білетін ғалым деп таниды. Хисекең жазған «Социалистік Гурьев тарихы», «Сауатсыздықтан – білім шыңына», «Сауатсыздықты жоюдың Қазақстандағы ерекшелігі мен қиыншылығы», «Кіші жүз руларының тарихы», «Ақтаңдақтар ақиқаты» (соңғы екеуі әріптестері А.Қалмұратов пен Ғ.Нығметовтермен бірлесе жазған), өлкетанушы Мақсат Жолжановпен бірігіп жазған «Күй атасы – Құрманғазы» атты монографиялары мен ғылыми еңбектері студенттер мен оқытушылардың ғылыми-методикалық құралына айналды. Хисмет Бозанұлы – көлемі 80 баспа табақтық екі томдық «Боз-

дақтар» жинағын шығарушы, 12 томдық Үлкен Қазақ Совет энциклопедиясының авторларының бірі. Хисмет Бозанұлы 1990-1999 жылдар аралығында Халел Досмұхамедов атындағы университеттің ректоры болса, кейін «Атырау» облыстық газет редакторының орынбасары болып жұмыс істеді. Облыстық кеңестің депутаты ретінде Атырау облыстық әкімшілік аппаратында депутаттар кеңесінің жауапты хатшысы қызметін бірнеше жыл абыроймен атқарды. Ол – облыс экономикасы мен мәдениетіне сүбелі үлес қосқан ұлағатты ұстаз, ғалым, қоғам қайраткері. 1964 жылы Майра Ғилақызымен отбасын құрды. Майра – бұрынғы Теңіз ауданының тумасы. Үлгілі де ұлағатты жанұяда тәрбиеленген. Хисметпен екеуі Алматыда оқып жүрген кездерінде танысқан екен. Бұл кезде Майра шет тілдер институтын неміс тілінің мұғалімі болып бітіріп шыққан. Оқуларын бітірген соң, шынайы сезімдерімен серттескен екі жас ата-аналарының ризашылығымен отау құрған. Майра Ғилақызымен қаладағы №11 Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте қызметтес болдым. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып жұмысқа келгенімде, Майра сол мектепте неміс тілі пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеп жүр екен. Ол мұғалімдікпен бірге, комсомол комитетінің хатшысы болды. Өте білімді, парасатты, өз жұмысын соншама ұқыптылықпен атқарып жүрген Майраның хатшылығы мектеп тәрбие жұмысына байланысты болды. Осы кезде оның ғажап ұйымдастырушылық қабілетін байқадым. Мектеп оқушылары Майра апайларымен соншама терең тіл табысып, алуан түрлі тақырыптарда жұмыс жүргізді. Досым Хисметтің өте тәрбиелі де инабатты жар таңдай білгендігін сездім. Майра кейіннен Гурьев педагогика институтына жұмысқа ауысып, жоғары мектеп шәкірттерін оқытудағы педагогтік жұмысын жалғастырды. Майраның отбасындағы ата-енесінің алдын кеспей, бар қамқорлығын атқарудағы кішіпейілділігі, қарттардың қас-қабағына қараған инабаттылығы, ағайын-тумаларына шынайы қарым-қатынастарының арқасында жанұяның, Хисмет пен Майраның бір-біріне деген сүйіспеншілігі, сыйластықтарының шексіз болғандығының куәсіміз. Майра Хисметтің әуелі институт, кейін университет басқарудағы, облыстық мәслихаттағы қоғамдық аса жауапты қызметін жақсы түсіне білді, шынайы көмекшісі, ақылшысы болды. Хисметтің университет басқарудағы және ғылым жолындағы жетістіктерінің бәрі де жары Майраның қамқорлығы, іске парасаттылықпен қарап, қоғамдық жұмыстың қиындығын терең түсіне білгендігінен. Ерінің мерейлі (50,60,70,80) тойларының бәрі де кейінгі жастарға, елге үлгілі, өнегелі болып сәтті өтуіне белсене араласты. Майраның өнегелілігінің белгісі – Хисметтің 80 жасқа толған мерейлі мерекесінің ел сүйсінерлік дәрежеде өтуі. Хисметтің 80 жасқа толған мерекесі республикалық дәрежеде, халықтың ортақ думанды

тойындай болды. Мерейлі жасқа арналған халықаралық дәрежедегі ғылыми-теориялық конференция, республикалық ақындар айтысы, спорттың әр түрінен өткізілген республикалық жарыстар облыс жұртшылығының қызыға көріп, белсене қатынасып, ұйымшылдықпен өтуі – университет ұжымының, Хисметтің өз отбасының ерекше қолдауларының нәтижесі. Елдің ұлағатты азаматы, шәкірттерінің сүйіспеншілігіне бөленген Хисмет Бозанұлының 80 жылдық мерейтойы бұрын-соңды облыста болмаған мән-мағынасы зор шара болғандығын қазір әркім де мақтана айтады. Хисмет өте әдемі ғұмыр кешті, халқының құрметтісі болды. Үлгілі де тәрбиелі отбасы болғандығын бүкіл Атырау елі біледі. Зайыбы Майра екеуі Бейбіт, Ерлан сияқты ұлдарын елге елеулі азаматтар етіп тәрбиелеп өсірді. Немерелері ата жолын жалғастыруда. Қазір Қадірбегі әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университетін тәмамдап, осы оқу орнының магистратурасында оқып жатса, Нұрлыбегі Алматының жоғары оқу орнында, Дарханы Атырау мемлекеттік университетінде білім алу жолында.

*Қадыр Жүсіп, ақын
Атырау мемлекеттік университетінің профессоры*